

Денсаулық сақтау емдеу-профилактикалық мекемелерінде ақылы медициналық және профилактикалық қызмет көрсетудің шарты мен тәртібі туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1995 жылғы 6 қараша N 1460. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1999.06.07. N 708 қаулысымен

"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 15 маусымдағы Заң күші бар N 2333 U952333_ Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Денсаулық сақтаудың емдеу-профилактикалық мекемелерінде ақылы медициналық және профилактикалық қызмет көрсетудің шарты мен тәртібі туралы қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі:

ақылы медициналық қызмет көрсету үшін мемлекеттік денсаулық сақтау мекемелерінің жанынан денсаулық сақтаудың ақылы емдеу-профилактикалық мекемелері мен ақылы бөлімшелерін (кабинеттер) ұйымдастырсын;

осы қаулыға қайшы келетін барлық ведомстволық актілердің қайта қаралуын қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1995 жылғы 6 қарашадағы
N 1460 қаулысымен
Бекітілген

Денсаулық сақтау емдеу-профилактикалық
мекемелерінде ақылы медициналық және профилактикалық
қызмет көрсетудің шарты мен тәртібі туралы
Ереже

I. Жалпы ереже

"Қазақстан Республикасында халық денсаулығын сақтау туралы" (11-баптың 2-бөлігі) Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ақылы медициналық және профилактикалық қызмет көрсетудің тәртібі мен шарты осы Ережеде белгіленген негіз бен тәртіпте жүргізіледі.

Ақылы медициналық көмекті ұйымдастырудағы негізгі мақсат - халықтың медициналық, сауықтыру, эпидемияға қарсы санитарлық көмектің және сервистік қызметтің алуан түрлеріне сұранымын неғұрлым толығырақ қанағаттандыру, аумақтық тиістілігіне және жұмыс орнына қарамастан, пациенттердің қызмет бағдарына қарай, сондай-ақ кәсіпорындармен және ұйымдармен медициналық көмек көрсетуге арналған шарт негізінде денсаулық сақтаудың мамандарын немесе мекемелерін еркін таңдау принципін сақтау болып табылады. Мекеме және бөлімше (кабинеттер), сондай-ақ жеке медициналық практикамен шұғылданатын адамдар көрсетілетін ақылы медициналық қызметті, ауруларға диагноз қоюды, зерттеуді, емдеуді және олардың денсаулығын қалпына келтіруді емдеуге қолайлы жағдай жасап отырып білікті дәрігерлермен, осы заманғы диагностика және емдеу аппаратураларымен жүргізуге тиіс.

Халыққа көрсетілетін ақылы медициналық және профилактикалық көмекті, олар туралы, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі бекітетін үлгі ережеге орай, мемлекеттік денсаулық сақтау органдарының жанындағы ақылы емдеу-профилактикалық мекемелер (әрі қарай - ақылы емдеу-профилактикалық мекеме), мемлекеттік денсаулық сақтау мекемелерінің жанындағы бөлімшелер (кабинеттер), сондай-ақ жеке емдеу мекемелері мен жеке медициналық практикамен шұғылданушы адамдар жүргізуі мүмкін.

Ақылы медициналық қызметке баға - баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі органдармен келісе отырып белгіленеді.

Мемлекеттік денсаулық сақтау мекемелерінің жанындағы денсаулық сақтаудың ақылы емдеу - профилактикалық мекемелері мен бөлімшелерін (кабинеттер) ұйымдастыруды денсаулық сақтау органдары жүзеге асырады.

Жеке емдеу мекемелері мен жеке медициналық практиканы ұйымдастыру Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес жүргізіледі.

Мыналарды ақылы негізде емдеуге тыйым салынады:

онкологиялық аурулар;
инфекциялық, паразитарлық, жұқпалы тері, венерология
ауруларымен және СПИД-пен ауыратындар;
әлеуметтік тұрғыдан қауіпті психикалық аурулар;
туберкулезбен ауыратындар.

II. Ақылы емдеу-профилактикалық мекеме

1. Ақылы емдеу-профилактикалық мекеме дербес денсаулық сақтау мекемесі (заңды тұлға) болып табылады, құқықтарды пайдаланады және өз қызметіне байланысты міндеттерді орындайды, банкте дербес балансы мен есеп айырысу шоты, мөрі бар және қолданылып жүрген заңға сәйкес жұмыс істейді.

2. Денсаулық сақтаудың Ақылы емдеу-профилактикалық мекемелеріне арналған керекті үй-жайлар мен құрылыстар беру мәселесін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті мен оның аумақтық органдары қарайды.

3. Денсаулық сақтаудың ақылы емдеу-профилактикалық мекемесіне қаралуға келген адамдар дәрігерді (консультантты) өздері тандап алуға құқылы, бұл орайда жеке басын куәландыратын құжат көрсету талап етілмейді.

4. Денсаулық сақтаудың ақылы емдеу-профилактикалық мекемесі: өзінің материалдық-техникалық базасын дамытуды, аурудың алдын алудың, диагностика қоюдың, емдеудің, осы заманғы әдістерін қолдануды, пайданы көбейтуді, әлеуметтік дамуды қамтамасыз етеді;

өзінің қызметін дербес жоспарлайды әрі қызмет көрсетуге деген сұранымға және мекеменің өндірістік және әлеуметтік дамуын қамтамасыз ету қажеттігіне қарай дамудың перспективасын айқындайды;

уақытша еңбекке жарамсыздық туралы анықтама береді.

5. "Қазақстан Республикасында халық денсаулығын сақтау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 48-бабына сәйкес денсаулық сақтаудың ақылы емдеу-профилактикалық мекеме басшылары азаматтардың ауруы туралы мәліметтерді халықтың қалған бөлігінің денсаулығын қорғау мүддесі талап етілген жағдайда денсаулық сақтау органдарына, ал сот және тергеу органдарына - олардың жазбаша сұрау салдары бойынша хабарлап отыруға міндетті.

6. Денсаулық сақтаудың ақылы емдеу-профилактикалық мекемесін тарату мен қайта ұйымдастыру Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген тәртіппен жүргізіледі.

7. Денсаулық сақтаудың ақылы емдеу-профилактикалық мекемесін қайта

ұйымдастырған кезде оның құқығы мен міндеттері құқықтық мұрагерге көшеді.

8. Ақылы емдеу-профилактикалық мекемені жекешелендіру денсаулық сақтаудың жоғары органының ұсынысы бойынша жекешелендіру туралы заңдарда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

III. Мемлекеттік денсаулық сақтау мекемелерінің жанындағы ақылы медициналық қызмет көрсету бөлімшесі (кабинет)

9. Халыққа ақылы медициналық санитарлық-эпидемиологиялық қызмет көрсету бөлімшесі (кабинет) бюджеттегі мемлекеттік денсаулық сақтау мекемелерінде ұйымдастырылады.

Мемлекеттік денсаулық сақтау мекемелерінің жанындағы ақылы медициналық қызмет көрсететін бөлімше (кабинет) жұмысының көлемі мен түрлері Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарында белгіленген қызмет көрсетудің кепілді көлемінен тыс жүргізіледі.

10. Бөлімшенің (кабинеттің) мақсаты емдеу-сауықтыру көмегінің көлемі мен сапасын арттыру және халыққа қызмет көрсетудің құрылымын дамыту, мекемені өндірістік және әлеуметтік дамытуға, әрі ондағы қызметкерлерді материалдық ынталандыруға қосымша қаражат көздерін тарту болып табылады.

11. Бөлімше (кабинет) мен оның жанынан ұйымдастырылған бюджеттегі денсаулық сақтау мекемесінің өзара қарым-қатынасы үй-жайды жалдаудың шарты, жабдықтардың тізбесі, ақылы медициналық қызметті жақсарту мен көлемін ұлғайтудағы тараптардың міндеттемелері мен жауапкершілігі кіретін тараптардың шартымен айқындалады.

12. Бөлімшенің (кабинеттің) ақылы қызметі мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мекемелердің қызметін алмастырып, жүзеге асырылмауға т и і с .

13. Бөлімшеден (кабинеттен) көмек алған пациенттің талабы бойынша соның құрамында ұйымдастырылған мекеме көрсетілген медициналық қызметтің құны туралы құжат беруге міндетті.

14. Емдеу курсы мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда ауру адамға төленген сома мен көрсетілген көмектің нақты құны арасындағы айырма т ө л е н е д і .

15. Еңбекке қабілеттілігі тұрақты жойылғандығын (мүгедектігін) анықтау үшін медициналық-әлеуметтік сараптау комиссиясына жіберілген ауруға консультация беру мен куәландыруды төлеу арқылы бөлімшенің (кабинеттің) табысы есебінен жүзеге асырылады.

16. Ақылы бөлімшелердің (кабинеттердің) табысы:

ақылы медициналық қызмет көрсетулерден түскен түсім; кәсіпорындардан, ұйымдардан шарт бойынша түскен қаражат; қайырымдылық қорлары мен жеке адамдардың жәрдемінен, жабдықтарды жалға беруден түскен қаражаттар болып табылады.

17. Ақылы медициналық қызмет көрсетуден түскен табысқа салық салу Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

18. Ақылы қызмет көрсетуден және салық төленгеннен кейін түскен басқа да табыс - ақылы бөлімшелердің (кабинеттердің) бірыңғай қаржы қорын құрайды, ол өндірістік және әлеуметтік даму қорын және тұтыну қорын құруға қызмет етеді. Тұтыну қорын құруға бірыңғай қаржы қорының кемінде 50 проценті бөлінеді.

IV. Жеке емдеу мекемелері және жеке медициналық практикамен шұғылданатын адамдар

19. Жеке медициналық практика халыққа профилактикалық, диагностикалық және емдеу көмегін көрсету жөніндегі кәсіпкерлік қызмет түрлерінің бірі болып табылады.

20. Жеке емдеу мекемелері (әрі қарай - ұйымдары) өздерінің жарғыларына сәйкес, ал жеке медициналық практикамен шұғылданатындар (әрі қарай - мамандар), лицензияға (патентке) сәйкес жұмыс істейді.

21. Жеке медициналық практикадағы медициналық ұйымдардың (мамандардың) негізгі міндеттері өздеріндегі лицензияға сәйкес аурудың алдын алу, диагностика қою, емдеу және сырқатты оңалту болып табылады.

22. Меншіктің мемлекеттік емес нысандарындағы заңды және жеке тұлғалар (шетелдіктерді қоса алғанда) жеке медициналық практикадағы ұйымдардың құрылтайшылары болуы мүмкін. Заңды (жеке) тұлғалардың құқық қабілеті мен құрылтайшылардың құқықтары Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен және қолданылып жүрген заңдармен айқындалады.

23. Жарғы мен құрылтай шарты жеке медициналық практикадағы ұйымдардың құрылтай құжаттары болып табылады, оған сондай-ақ құрылтайшылардың құқықтары мен міндеттерін белгілейтін және жеке медициналық ұйымдар қызметінің Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына қайшы келмейтін шартын айқындайтын ереже енгізілуі мүмкін.

24. Жеке медициналық практикамен шұғылданатын адамдар: ауруларға (зардап шеккендерге) өмірлік көрсеткіштері бойынша алғашқы медициналық көмек көрсетуге;

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі бекіткен эпидемияға қарсы санитарлық нормаларды және емдеу-профилактика ұйымдарының жұмыс тәртібін басшылыққа алуға;

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі рұқсат берген профилактика, диагностика қою, емдеу әдістерін дәрі-дәрмектерді қолдануға;

салауатты өмір салтын насихаттау мен енгізу, дені сау баланы дамыту мен тәрбиелеу мәселелері жөнінде жұмыстар жүргізуге;

кәсіби міндеттерін орындау барысында азаматтардың аурулары, отбасы, жыныс қатынасы туралы анықталған мәліметтерді жария етпеуге міндетті.

Мұндай ақпаратты жария етуге Қазақстан Республикасының заңдарында қарастырылған жағдайда ғана жол беріледі;

мерезбен және жұқпалы аулармен, алапеспен, микроспориямен, трихофитиямен, қышымамен, жүйке ауруларымен ауыратындарды, егу кезінде пайда болған оқыс реакцияларды, шағуды, тырналуды, жануарлардың сілекейімен былғануды денсаулық сақтау органдарына (ұйымдарына); жаңадан жарақат алып және жараланып көрінгендер туралы, жасанды түсікке, азаматтардың сырт келбеті мен олардың дактилоскопиялық деректерін өзгертуге апарып соққан жынысын өзгерту, косметикалық және басқа жедел араласулар кезінде қылмыстық әрекетке барды деп күдік тудырған адамдар туралы ішкі істер органдарына хабарлауға;

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі бекіткен алғашқы медициналық есеп құжаттарын жүргізуге және есепті белгіленген мерзімде жергілікті денсаулық сақтау органдарына ұсынуға;

бухгалтерлік және басқа да есептерді Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес жүргізуге міндетті.